

## **DIPLOMA SUPPLEMENT ЕУРОПАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМҒА ҚОСЫМШАНЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Еуропалық дипломға қосымша (бұдан әрі - Еуропалық қосымша) немесе Diploma Supplement КЖАЕЖ-мен (Кредиттерді жинақтау және аударудың Еуропалық жүйесі) бірге Еуропалық жоғары білім беру саласында академиялық және кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

Болон үдерісінің анықтамасы бойынша, Diploma Supplement - Дипломға қосымша, Еуропалық комиссия, Кеңес және ЮНЕСКО ашықтықты, салыстырмалылықты және біліктілікті (дипломдар, академиялық дәрежелер, сертификаттар) академиялық және кәсіби түрдетануды қамтамасыз ету үшін әзірлеген құжат. Жоғары білімі туралы дипломға қосымша беріледі. Ұлттық және ағылшын тілдерінде толтырылады. Ол табысты аяқталған оқудың нәтижелерін, табиғатын, деңгейін, контекстін, мазмұнын, мәртебесін сипаттайды. Тиісті білім беру жүйесінде осы біліктіліктің орнын анықтауға мүмкіндік беретін жоғары білім берудің ұлттық жүйесіне қатысты қосымша ақпаратты қамтамасыз етеді.

Түлектерге сынақтық бірлік негізінде жалпы Еуропалық қосымшаны беру еуропалық білім беруісіне қатынасты арттыруды және, барлық академиялық дәрежелер және басқа да біліктіліктереуропалық еңбек нарығына бағытталатын болғандықтан, түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Еуропалық дипломға қосымшаны беру үдерісі білім туралы құжаттарды өзара тану құралы ретінде Болон үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлегіне (бакалавр, магистр) Еуропалық дипломға қосымшаны әзірлеу және беру үшін осы әдістемелік нұсқаулар Еуропалық дипломға қосымшасының толтыру тәртібін, мазмұнын, әзірленуін, келісу, беру және сақтау тәртібін анықтайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегіне Еуропалық дипломға қосымшаны әзірлеу мақсаты шетелде оларды одан әрі білім алу және жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу, сондай-ақ қазақстандық және халықаралық еңбек нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, университеттің түлектеріне алынған біліктілікті академиялық және кәсіби тану рәсімдерін жеңілдету болып табылады.

Еуропалық дипломға қосымша Diploma Supplement білім берудің халықаралық құралы, сәйкесінше, бүкіл әлемде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру біліктілігін танудың халықаралық құралы болып табылады. Оған қоса, Еуропалық дипломға қосымша - бұл жоғарғы оқу орны түлектерінің дипломына қоса тіркелетін қосымша, түсіндірме жазба. Бұл құжат дәреже немесе біліктілікті негізделген түрде бағалау үшін қажетті барлық ақпаратпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ стандартты халықаралық нысанға сәйкес беріледі және дәреже (біліктілік) алу үшін жүзеге асырылатын барлық қызметтер туралы хабардар етеді.

Еуропалық дипломға қосымшаның моделі Еуропалық Комиссия, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО-ның бастамасы бойынша 1996 жылдың желтоқсанында әзірленді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлегінің Еуропалық дипломға қосымшасы Diploma Supplement білім беру туралы түпнұсқа құжатты (мемлекеттік диплом) алмастыра алмайды, куәлік басқа елдерде қабылданған біліктілік (дәреже) эквиваленттілігіне қатысты ақпаратты қамтымайды, және шетелде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегінің дипломын тану үшін негіз болып табылмайды.

## **Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті дипломына қосымша Diploma Supplement құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар**

1. Еуропалық дипломға қосымша Еуропалық комиссияның өкілдері бірлескен жұмыс тобының, Еуропа мен ЮНЕСКО Кеңесі әзірлеген моделіне сәйкес қатаң түрде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аккредитациядан өткен білім беру бағдарламаларының түлектеріне береді.

2. Еуропалық дипломға қосымша ешқандай бағалау жоспарын, басқа оқу бағдарламаларымен салыстырыруларды және осы диплом немесе біліктілікті тану мүмкіндігіне қатысты ұсыныстарды қамтымайды.

3. Еуропалық дипломға қосымша барлық бөлімдері туралы мәлімет қамтылуға тиіс сегіз бөлімнен тұрады. Еуропалық дипломға қосымшаның қандай да бір бөлімінде ақпарат болмаған жағдайда қажетті ақпаратты беруден бас тарту себептерін көрсету қажет.

4. Еуропалық дипломға қосымша әрқашан білім туралы құжаттың түпнұсқасымен қоса берілуі тиіс, себебі оның ешқандай заңды күші жоқ. Еуропалық дипломға қосымшаның болуы оқу орнының мәртебесіне, оның біліктілігіне, сондай-ақ, ол жоғары білімнің ұлттық жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде тану фактісінекепілдік бермейді.

5. Әрбір Еуропалық дипломға қосымша кіріспемен басталу қажет: «Бұл дипломға қосымша Еуропалық Комиссияның, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО/CEPES әзірлеген моделіне сүйенеді. Қосымшаның мақсаты - біліктілікті (дипломдар, дәрежелер, сертификаттар, және т.б.) академиялық және кәсіби әділетті тануды және халықаралық «ашықтықты» қамтамасыз ету үшін, кешенді тәуелсіз деректерді қамтамасыз ету. Қосымша біліктілігі жөніндегі түпнұсқа құжатта аталған тұлғамен өтілген және табысты аяқталған оқудың сипаты, деңгейі мен мәртебесінің сипаттамасынан тұрады. Қосымшада шешімдердің шығарылуы, эквиваленттілік туралы өтініш немесе тану туралы ұсыныстар рұқсат етілмейді. Барлық сегіз бөлімдер бойынша деректер болуы тиіс. Мұндай мәліметтер болмаған кезде себебін көрсету қажет.»

6. Еуропалық дипломға қосымшада әрқашан біліктіліктің аты мен дәрежесі; біліктілікті тағайындаған/басшылықты жүзеге асырушы оқу орнының атауы мен мәртебесі, және біліктіліктің жіктелуі көрсетілуі тиіс. Барлық деректер мемлекеттік және ағылшын тілдерінде ұсынылуы тиіс, себебі қате аудару біліктілігі жайлы шешім қабылдаушы тұлғаларды шатастырады. Латын алфавитінен басқа алфавит қолданылған кезде транслитерацияға рұқсат етіледі. Дәрежелер мен біліктілік атауларын сегізінші бөлімінде жоғары білім жүйесінің сипаттамасымен байланыстыруға болады.

7. Оқу орындары олармен берілетін Еуропалық дипломға қосымшаларда жалған мәлімдеу және бұрмалау мүмкіндігін барынша азайту үшін тиісті шаралар қабылдауға тиіс.

8. Аудару және терминологияға ерекше назар аудару қажет. Осы салада туындайтын мәселелердің айтарлықтай алдын алу үшін, құжатта көрсетілген бастапқы тілді пайдалану керек.

9. Еуропалық дипломға қосымшада басқа елдерде алынған біліктілікті бағалауда дәл эквивалентін емес, ал «әділетті тануды» іздеу керектігін ескере отырып, алынған білімі, қабілеті мен дағдыларына ерекше назар аудару керек.

<b>Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті Еуропалық дипломға қосымша Diploma Supplement құрылымы</b>	
Бұл дипломға қосымша Еуропалық Комиссияның, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО/CEPES әзірлеген моделіне сүйенеді. Қосымшаның мақсаты - біліктілікті (дипломдар, дәрежелер, сертификаттар, және т.б.) академиялық және кәсіби әділетті тануды және халықаралық	This Diploma Supplement follows the model developed by the European Commission, Council of Europe and UNESCO/CEPES. The purpose of the supplement is to provide sufficient independent data to improve the international 'transparency' and fair academic and professional recognition of qualifications

<p>«ашықтықты» қамтамасыз ету үшін кешенді тәуелсіз деректерді қамтамасыз ету. Қосымша біліктілігі жөніндегі түпнұсқа құжатта аталған тұлғамен өтілген және табысты аяқталған оқудың сипаты, деңгейі мен мәртебесінің сипаттамасынан тұрады. Қосымшада шешімдердің шығарылуы, эквиваленттілік туралы өтініш немесе тану туралы ұсыныстар рұқсат етілмейді. Барлық сегіз бөлімдер бойынша деректер болуы тиіс. Мұндай мәліметтер болмаған кезде себебін көрсету қажет.</p>	<p>(diplomas, degrees, certificates etc.). It is designed to provide a description of the nature, level, context, content and status of the studies that were pursued and successfully completed by the individual named on the original qualification to which this supplement is appended. It should be free from any value judgements, equivalence statements or suggestions about recognition. Information in all eight sections should be provided. Where information is not provided, an explanation should give the reason why.</p>
<p><b>1. Біліктілікті иеленуші тұлға жайлы мәліметтер:</b>  1.1 Тегі;  1.2 Аты;  1.3 Туылған күні, айы, жылы;  1.4 Студенттің сәйкестендіру нөмірі немесе коды(егер бар болса)</p>	<p><b>1. Information identifying the holder of the qualification</b>  1.1. Family name(s):  1.2. Given name(s):  1.3. (Place and) Date of birth:  1.4. Student identification number or code:</p>
<p><b>2. Біліктілік жайлы мәліметтер:</b>  2.1 Біліктілік атауы (егер қолданылса) және берілген атақ (түпнұсқа құжаттың тілінде);  2.2 Біліктілік үшін негізгі білім саласы;  2.3 Біліктілікті тағайындаған оқу орнының атауы мен мәртебесі (түпнұсқа құжаттың тілінде);  2.4 Оқытуды өткізген оқу орнының атауы мен мәртебесі (түпнұсқа құжаттың тілінде);  2.5 Оқу/емтихан тілі.</p>	<p><b>2. Information identifying the qualification</b>  2.1. Name of the qualification:  Title conferred:  2.2. Main field(s) of study for the qualification:  2.3. Name and status of awarding institution:  2.4. Name and status of institution administering studies:  2.5. Language(s) of instruction/examination:</p>
<p><b>3. Біліктілік деңгейі жайлы мәліметтер:</b>  3.1 Деңгейі;  3.2 Бағдарламаны игерудің ресми уақыты;  3.3 Түсу үшін талаптар.</p>	<p><b>3. Information on the level of the qualification</b>  3.1. Level of qualification:.  3.2. Official length of programme:  3.3. Access requirements:.</p>
<p><b>4. Білім мазмұны мен алынған нәтижелер жайлы мәліметтер:</b>  4.1 Оқу формасы;  4.2 Бағдарламаның талаптары;  4.3 Бағдарлама жайлы толық мәліметтер (мысалы, оқылатын модульдер мен блоктар) және алынған жеке нәтижелер: баллдар/бағалар/кредиттік бірліктер: (егер бұл ақпарат ресми хаттама түрінде болса, онда ол бұл жерде көрсетілуі тиіс);  4.4 Бағалау схемасы және, егер бар болса, бағалауды бөлу басшылығы;  4.5 Жалпы жіктеу (түпнұсқа құжаттың тілінде).</p>	<p><b>4. Information on the contents and results gained</b>  4.1. Mode of study:  4.2. Programme requirements:  4.3. Programme details (e.g. modules or units studied and individual grades/marks/credits obtained/).  4.4. Grading scheme and, if available grade distribution guidance/  4.5. Overall classification of the award:</p>
<p><b>5. Біліктілік функциясы жайлы мәліметтер:</b>  5.1 Ары қарай оқу мүмкіндігі;  5.2 Кәсіби мәртебесі (егер бар болса).</p>	<p><b>5. Information on the function of the qualification</b>  5.1. Access to further study:  5.2. Professional status conferred:</p>
<p><b>6. Қосымша мәліметтер:</b></p>	<p><b>6. Additional information</b></p>

6.1 Қосымша мәліметтер;	6.1. Additional information:
6.2 Қосымша ақпарат көздері.	6.2. Further information sources:
<b>7. Құжатты куәландыру:</b>	<b>7. Certification of the supplement</b>
7.1 Күні;	7.1. Date:
7.2 Қолы;	7.2. Signature:
7.3 Қызметі;	7.3. Capacity:
7.4 Ресми мөр немесе штамп.	7.4. Official stamp or seal:
<b>8. Ұлттық жоғары білім берудің жүйесі</b> Ұлттық жоғары білім берудің жүйесі жайлы мәліметтер келтіріледі.	<b>8. Information on the national higher education system(s)</b>

### **1. Біліктілікті иеленушіні анықтайтын ақпарат.**

1.1. Толық тегі көрсетіледі.

1.2. Барлық аты көрсетіледі.

1.3. Туған күні, айы, жылы көрсетіледі.

1.4. Бұл пункт оқытудың белгілі бағдарламасын аяқтаған білім алушыны анықтауға көмектесу қажет, ол өз кезегінде Еуропалық диплом қосымшасымен расталады.

### **2. Біліктілікті анықтайтын ақпарат.**

2.1. Мұнда біліктіліктің толық атауы түпнұсқа тілінде көрсетіледі.

Білім туралы құжат оның иесінің қандай да бір ұлттық танылған атаққа құқығы бар-жоқ екендігі көрсетіледі. Бұл атақ заңмен қорғалғандығы көрсетіледі.

2.2. Біліктіліктің басты бағыттарын анықтайтын тек негізгі пәндерді қамтиды, мысалы, персоналды басқару, электрмен жабдықтау, т.б.

2.3. Білім беру туралы құжат берген жоғары оқу орнының атауы көрсетіледі. ЖОО-н мәртебесі, сондай-ақ, оны аккредиттеген орган көрсетіледі, егер бар болса, және т.б. Соңында, жалпы ұлттық білім беру жіктелімі бойынша, диплом берген университет мәртебесі көрсетіледі.

2.4. Оқыту жүргізген университет мәртебесін көрсетіледі.

2.5. Оқыту және емтихан жүргізу үшін пайдаланылған тіл(дер) көрсетіледі. Оқыту кезінде бірнеше тілді пайдаланылған нұсқалар болуы мүмкін (мысалы, негізгі оқыту тілі - ұлттық(орыс) және тізіммен көрсетілген кейбір пәндер ағылшын тілінде оқылды).

### **3. Біліктіліктің деңгейі жайлы ақпарат.**

3.1. Біліктіліктің нақты деңгейі және білімі туралы құжаттардың спецификалық ұлттық білім құрылымындағы орны көрсетіледі (осы пункт сегізінші бөлімде түсіндіріледі, және оған сәйкес келеді). Жергілікті білім құрылымы сипатталады.

3.2. Білім беру бағдарламасының ресми мерзімі апта немесе жылдармен және сынақтық бірліктермен берілген бағдарламаның нақты күрделілігі- ECTS жүйесі бойынша кредиттер көрсетіледі, әрбір маңызды элемент, блок, модуль, әсіресе тәжірибелік сабақтар бойынша ақпаратты қоса алғанда.

3.3. Осы диплом қосымшада сипатталған білім беру бағдарламасына қол жеткізу үшін қажет біліктілікті алу немесе оқу кезеңдерінің ұзақтығы мен сипаты түсіндіріледі және тізімде келтіріледі. Мысалы, бакалавр дәрежесі, орта мектепті бітіргені туралы куәлік, т.б. Бұл, әсіресе, оқытудың аралық деңгейінен (мектептен кейін) өту қарастырылып отырған біліктілікті алу үшін қажетті шарт кезінде маңызды болып табылады.

### **4. Біліктіліктің мазмұны және алынған нәтижелер жайлы ақпарат**

4.1. Оқыту әдісі білім беру бағдарламасының қалай игерілгеніне байланысты мысалы, күндізгі, сырттай, тәжірибеден өтуді қоса алғанда.

4.2. Мүмкіндігінше біліктілікті алу үшін төменгі стандарттарды орындау талаптары көрсетіледі, мысалы, кез келген міндетті компоненттердің немесе міндетті практикалық сабақтардың болуы, бітіру жұмысын жазуды реттейтін ережелердің болуы. Егер пәндер арасындағы кредиттік бөлу туралы ақпарат бар болса, ол осы бөлімге енгізілуі тиіс.

4.3. Әрбір жеке модуль және оқу жоспары толық сипатталады. Нақты белгілері және/немесе біліктіліктің әрбір модулі үшін алынған бағалары тізімделеді. Ақпарат мүмкіндігінше толық болуы тиіс. Барлық емтихандар мен бағалау шаралары және/немесе, курстық жұмыстар/жобалар және бітіру жұмысы туралы ақпаратты қоса алғанда, емтихан тапсыруға ұсынылған білім саласы сипатталады. Бітіру біліктілік жұмысын қорғау жағдайлары көрсетіледі (мысалы, көпшілік алдында қорғау).

4.4. Қарастырылып отырған біліктілік аясында білім алушылардың аттестациясында қолданылатын бағалау жүйесі мен шектік балл туралы ақпарат ұсынылады.

4.5. Мүмкіндігінше соңғы біліктіліктің толық жіктелуі көрсетіледі, мысалы үздік бірінші класс дәрежесі, Summa Cum Laude, Merit, Avec Distinction, және т.б.

### **5. Біліктілік функциясы жайлы ақпарат**

1.1. Кейінгі академиялық және/немесе кәсіби білім алуға қол жеткізу үшін диплом беруші елде біліктілікпен қамтамасыз ету мүмкіндіктері көрсетіледі. Осы біліктілік осы елдің білім беру жүйесінің оқыту дәрежесі иерархиясында қай орында екендігі көрсетіледі.

1.2. Кәсіби мәртебесі мен біліктілігіне сәйкес иеленушіге берілетін құқықтар толық сипатталады.

### **6. Қосымша ақпарат**

1.1. Біліктілікті пайдалану мүмкіндігі мен деңгейі, сипатының бағасына қажет, бұрын көрсетілмеген кез келген қосымша ақпарат келтіріледі, мысалы, қосымша модульдерді оқыту, қосымша біліктілікті алу, т.б.

1.2. Осы біліктілік жайлы толық ақпаратты қайдан табуға болатыны туралы ақпарат көздері және оларға сілтемелер сипатталады, мысалы, жоғарғы оқу орнының веб-сайты, біліктілік берілген оқу орнының кафедрасы, т.б.

### **7. Еуропалық дипломға қосымшаны куәландыру**

1.1. Еуропалық дипломға қосымшаның берілген уақыты көрсетіледі. Еуропалық дипломға қосымшаның берілген уақыты дипломның берілген уақытымен сәйкес келмеуі мүмкін.

1.2. Еуропалық дипломға қосымшадағы ақпараттың дәлдігін куәландыратын лауазымды тұлғаның аты мен қолтаңбасы көрсетіледі.

1.3. Құжатты куәландырған тұлғаның ресми лауазымы көрсетіледі.

7.4. Еуропалық дипломға қосымшаның шынайылығын растайтын университеттің ресми мөрі (немесе штамп) қойылады.

### **8. Ұлттық білім беру жүйесі жайлы ақпарат**

Біліктілік тұрғысында білім беру жүйесі сипатталған: жоғары оқу орындарына түсу үшін жалпы талаптары; білім беру мекемелері және біліктілік құрылымы түрлері. Ұлттық білім беру жүйесінің сипаттамасы басылған мәтіні екі беттен аспауы тиіс, кестелер мен схемаларды пайдалану дұрысырақ деп есептеледі.

## **Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті дипломына қосымша Diploma Supplement беру реті**

1. Еуропалық дипломға қосымша өтініш (қосымша 1) және көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар пакетімен қоса толтырылған сауалнама (қосымша 2) негізінде беріледі:

*Міндетті* - жеке куәлік көшірмесі және салғышымен диплом көшірмесі.

*Қалауы бойынша:*

- Басқа жоғары оқу орындарында оқу барысында өтініш берушімен алынған барлық транскрипт көшірмелері;

- Кәсіби салада практикалық жұмыс тәжірибесі бар болуын растайтын құжаттардың көшірмесі;

- Қосымша білім факультеттерінде, курстарда өткені туралы және қосымша біліктілік алғаны туралы куәліктер, дипломдар, сертификаттарының көшірмелері;

- Студенттің қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстарда, олимпиадаларда алған жүлделерінің көшірмелері.

2. Сауалнама студенттің жеке мәліметтері, бітірген факультеті және кафедрасы, мамандығы және бағыты, бітіру біліктілік жұмысының атауы, Еуропалық дипломға қосымшаны даярлау кезінде ескерілетін қосымша ақпарат көрсетіледі (мысалы, алынған кәсіби тәжірибесі, халықаралық жобалар, конференциялар және тағылымдамаларға қатысу, т.б.).

3. Еуропалық дипломға қосымшаны алу үшін өтінішті жоғары білім туралы диплом беру күнінен бір ай бұрын жазған жағдайда, Еуропалық дипломға қосымша дипломмен бір мезгілде берілуі мүмкін.

4. Еуропалық дипломға қосымшаны алу үшін өтініште көрсетілген мерзімде емес - өзге де уақыт кезеңдерінде жазған жағдайда, оны беру мерзімі мен жағдайы өтініш беруші мен беру, жобалау және ұйымдастыру үшін жауапты лауазымды тұлғамен жеке келісіледі.

5. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі дипломына Еуропалық қосымшаны беру ақылы негізде жүзеге асырылады. Төлем сомасы ұйымдастыру, ресімдеу және беру шығындарын есептеу негізінде белгіленеді және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректорының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

6. Еуропалық дипломға қосымшаның нысанын толтыру үшін жауапты адаммен (құрылыммен) қабылданған құжаттардың негізінде өтініш берушіге Еуропалық дипломға қосымша жасалады.

7. Еуропалық дипломға қосымшаның дайындау және беру факультет декандарымен бірге академиялық мәселелер жөніндегі департаменті арқылы жүзеге асырылады.

8. Факультет декандары транскрипт негізінде Универ жүйесінде Еуропалық дипломға қосымшаның нысанын толтыру үшін жауапты адамды тағайындайды.

9. Ректор бұйрығымен Еуропалық дипломға қосымшаның мазмұнына және берілуі үшін жауапты академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің құрылымдық бөлімшесі құрылады.

10. Еуропалық дипломға қосымша кейін ағылшын тіліне аудармасымен мемлекеттік тілде толтырылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық ынтымақтастық департаменті Еуропалық дипломға қосымшаның толтырылған түрінде аударуына жауапты болып табылады.

11. Оқытылған пәндер туралы деректер ECTS сынақтық бірліктермен күрделілігі және аттестация нәтижелері көрсетілген, семестр бойынша олардың толық тізімін қамтиды.

13. Еуропалық дипломға қосымша академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры, Оқу ісі жөніндегі проректоры қолдарымен және университеттің ресми мөрімен расталады.

14. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті дипломына Еуропалық қосымша өтініш берушіге ресми жауапты тұлғамен беріледі.

15. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дипломына Еуропалық қосымшаны беру кезінде арнайы журналға берілген құжаттың тіркеу нөмірі, арнайы графада студенттің қолы қойылады.

16. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлегіне берілген Еуропалық дипломға қосымша көшірмелері алынған біліктілік/дәрежесі туралы дипломның көшірмелерімен бірге, университет мұрағатында сақталады.

*Қосымша 1*  
Оқу ісі жөніндегі проректорға  
\_\_\_\_\_ Аты-жөні  
\_\_\_\_\_ факультетінің  
\_\_\_\_\_ курс студенті  
\_\_\_\_\_ Аты-жөні

### **Өтініш**

Маған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлегі дипломына Еуропалық қосымшаны беру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

**Анкета**

1. Аты-жөні(толық)\_\_\_\_\_
2. Туылған күні, айы, жылы, туған жері, елі\_\_\_\_\_
3. Факультет \_\_\_\_\_

---

4. Бітірген кафедрасы\_\_\_\_\_
5. Мамандық\_\_\_\_\_
6. Қосымша мәліметтер (алынған кәсіби тәжірибесі, халықаралық конференциялар, жоблар, стажировкаларға қатысуы және т.б.)

\_\_\_\_\_

- Байланыс:

Үй тел: \_\_\_\_\_

Ұялы тел: \_\_\_\_\_

e-mail: \_\_\_\_\_